

## **№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚҚАнықтама**

Мамыр айының 20 жұлдызында **№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚҚ** балабақшасында «Әкем және мен» – атты іс шара ұйымдастырылды. Балабақша тәрбиесінің маңызды бағыттарының бірі – отбасы мен балабақша арасындағы өзара тығыз байланысты орнату. Осы мақсатта №43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚҚ балабақшасында «Әкем және мен» атты отбасылық спорттық сайыс ұйымдастырылды. Бұл іс-шара балабақшадағы тәрбиеленушілер мен олардың әкелері арасында серіктестік, достық, мейірімділік пен сыйластық қарым-қатынас орнатуға бағытталды. Іс-шараның басты мақсаты – ұлттық рухты бойына сіңірген, епті, батыл, шапшаң әрі отбасылық тәрбиені қадірлейтін ұрпақ тәрбиелеу. Спорттық сайыста әкелер мен балалар жұп болып түрлі эстафеталық жарыстарға, ойындарға және зияткерлік тапсырмаларға қатысты. Әр кезең балалардың қозғалыс белсенділігін арттырып қана қоймай, отбасылық ауызбіршілікті нығайтуға септігін тигізді. Сайыс барысында ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында «Нағыз қамшы ұстар» бөлімі ерекше әсер қалдырды. Онда әкелер мен балалар бірге ұлттық ойын элементтерін орындап, қазақтың салт-дәстүріне құрметпен қарауға баулынды. Сонымен қатар, сайысқа ұлттық музыка мен балалардың шағын шығармашылық нөмірлері үйлесімді қосылып, мерекелік көңіл-күй сыйлады. Іс-шара соңында барлық қатысушы отбасылар алғыс хаттармен және сыйлықтармен марапатталып, балабақша ұжымы тарапынан ынталандырылды. «Әкем және мен» сайысы балалардың бойындағы сенімділікті, әкелерінің жауапкершілігін арттырып, балабақша мен отбасының тәрбиелік ықпалын біріктірген игі шара болды.

### **Қорытынды:**

Мұндай отбасылық сайыстар – баланың тұлғалық дамуына, әкеге деген құрмет пен сенімнің артуына, ұлттық тәрбие мен дене тәрбиесінің қатар жүруіне мүмкіндік береді. Іс-шараның тәрбиелік мәні жоғары, мазмұны бай әрі тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сай құрылды.

**Әдіскер: Саттықова А**